

**Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы "Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 634 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 09 қыркүйектегі № 460 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (2015 жылғы 22 шілдедегі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3300 болып енгізілген, "Жаркент өңірі" газетінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 33 жарияланған) № 634 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысы Садықов Аскар Джумахановичке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Б.Абдулдаев*